

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

5В070700 – Тау-кен ісі
МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген 2015 жылғы «_5_»маусымның (№_5__ хаттамасы). Алматы, ҚазҰТЗУ, 2015.

Каталог элективті пәндердің (таңдау бойынша) компоненттердің тізімін, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, пәнді оқыту мақсатын, олардың қысқаша мазмұнын, күтілетін нәтижелерін қамтиді.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

1-ші курс

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Геодезия модулі	БД 1.2.6	Гео 1206	Геодезия	3	2
2		БД 1.2.6.1	Топ 1206.1	Топография	3	2

Гео 1206 Геодезия -3 кредит

Пререквизиты: география, физика, математика, сызбагеометриясы, инженерлік графика.

Оқу мақсаты: Келешек мамандарды жер бетінде жүргізілетін барлық топографиялық түсірістер мен инженерлік-геодезиялық жұмыстарды орындауға үйрету.

Қысқаша мазмұны: Ірі масштабтағы топографиялық карталармен пландарды дайындау үшін жүргізілетін геодезиялық жұмыстармен танысу және қажетті геодезиялық аспаптарды, геодезиялық түсірістерді орындауды, ландық және биіктік негіздерінің геодезиялық өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу теориясының тәсілдері нұйрену және оларды халық шаруашылығының барлық саласында пайдалана білу.

Күтілетін нәтижелер: Геодезиялық түсірістерді, геодезиялық аспаптарды, геодезиялық жұмыстарды үйрену, топографиялық пландарды және карталарды дайындау, оларды қолдана білу және әртүрлі графикалық, аналитикалық және өндірістік тапсырмаларды шешу.

Постреквизиттері: Инженерлік геодезия, кендерді ашық және жер асты тәсілдерімен игерудегі маркшейдерия, мұнай мен газдарды игерудегі маркшейдерия, геодезиялық - маркшейдерлік аспаптар, жер қойнауы геометриясы мен квалитметриясы, маркшейдериядағы ГАЗ технологиясы. маркшейдерлік - геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу, жоғарғы геодезия.

Топ 1206.1 Топография -3 кредит

Пререквизиты: физика, математика.

Оқу мақсаты: Келешек мамандарға пәннің практикалық жұмыс кезіндегі орнын, көрсету, ірі масштабтағы топографиялық карталар мен пландарды жасау үшін жүргізілетін геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу және оларды кен орындарын барлау, жобалау және қазып алу кезіндегі пайдалана білу, геодезиялық аспаптардың құрылыстарын жете үйрету, теориялық терең білім беру, пландық және жиілетілген жүйе биіктіктерін және пландық-биіктік негіздерінің геодезиялық өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу теориясы геодезиялық өлшеу тәсілдерін оқып үйрету.

Қысқаша мазмұны: Пәннің маңі. Жердің пішіні, координаталар жүйесі, топографиялық карталар мен пландар туралы толық білім; топографиялық планды және картаны қолдана білу, олар негізінде әртүрлі графикалық және аналитикалық тапсырмаларды шешу: геодезиялық түсірістер, өлшеулер, өлшеу дәлдігі; өлшеу нәтижелерін өңдеу, өңдеудің дәлдігі; геодезиялық өлшеулерге дәл аспаптарды қолдану;

құрылыс алаңдарында жүргізілетін арнайы геодезиялық жұмыстар; қазіргі заман аспаптарының түрлері және оларды зерттеу; өлшеу нәтижелеріне алдын-ала өңдеулер жүргізу.

Күтілетін нәтижелер: Жер бетінде жүргізілетін геодезиялық түсірістерді орындау қабілеті. Негізгі геодезиялық аспаптар көмегімен биіктік және пландық инженерлік-геодезиялық бөлу негіздерін құрудағы геодезиялық өлшемдерді орындау қабілеті.

Постреквизиттері: Геодезия, картография.

2 –ші курс

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Жалпы техникалық модулі	БД 2.2.8	MPG 2208	Маркшейдерлік-геодезиялық аспаптар	3	3
2		БД 2.2.8.1	POGR 2208.1	Кен және көмір карьерлеріндегі ашық тау-кен жұмыстарының процестері	3	3
3		БД 2.2.8.2	POGR 2208.2	Құрылыс тау жыныстары карьерлеріндегі өндірістік процестер	3	3
4		БД 2.2.8.3	PPGR 2208.3	Жерасты кен жұмыстарының процестері	3	3
5		БД 2.2.8.	PBEGS 2208.4	Геотехнологиялық ұңғымаларды бұрғылау процестері және пайдалану	3	3
6		БД 2.2.8.5	OPS 2208.5	Жерасты құрылысының объектілері	3	3
7		БД 2.2.8.6	BVRPPK 2208.6	Жерасты кешендерін өтудегі бұрғылау-жару жұмыстары	3	3
8		БД 2.2.9	MRP 2209	Жер бетіндегі маршейдерлік жұмыстар	3	3
9		БД 2.2.9.1	VSPOGR 2209.1	Ашық кен жұмыстар процестерінің өз-ара байланыстыру және оларды жоспарлау	3	3
10		БД 2.2.9.2	BSPSGP 2209.2	Процесстердің өз-ара байланысы	3	3

11		БД 2.2.9.3	PRPM 2209.3	Тақталы кенорындарын жерасты қазу	3	3
12		БД 2.2.9.4	PRKRM 2209.4	Тұрақты және кенқайран кенордарын қазу	3	3
13		БД 2.2.9.5	KM 2209.5	Бекітпе материалдары	3	3
14		БД 2.2.9.6	PVV 2209.6	Өнеркәсіптік жарылғыш заттар	3	3
15	Тау жыныстар физикасы модулі	ПД 2.3.2	GGPP 2302	Тау-кен жыныстарының физикасы және процестері	3	3
16		ПД 2.3.2.1	FTSP 2302.1	Тау жыныс негізгі физикалық қасиеттері	3	3
17	Геология модулі	БД 2.2.11	GD 2211	Геологиялық пәндер	3	4
18		БД 2.2.11.1	OG 2211.1	Геология негіздері	3	4
19	Жалпы кәсіптік дайындау модулі	БД 2.2.10	OKMD 2210	Маркшейдерлік ісінің жалпы курсы	4	4
20		БД 2.2.10.1	BKP 2210.1	Ашық тау-кен жұмыстарының карьерлер алаңдарын ашу және жүйелері	4	4
21		БД 2.2.10.2	GDSGP 2210.2	Құрылыс тау-кен жыныстарын қазудың гидромеханизациясы	4	4
22		БД 2.2.10.3	BPM 2210.3	Тақталы кенорындарын жерасты қазу	4	4
23		БД 2.2.10.4	VPMPV 2210.4	Тұрақты және кенқайран кенордарын қазу	4	4
24		БД 2.2.10.5	MPS 2210.5	Жерасты ғимараттарының механикасы	4	4
25		БД 2.2.10.6	TEP 2210.6	Жарылыс процестерінің термодинамикасы	4	4
26		Бұрғылау-жару жұмыстары модулі	БД 2.2.12	RGPV 2212	Таужыныстарын жарылыспен бұзу	3
27	БД 2.2.12.1	TRGP 2212.1	Таужыныстарын жарылыспен бұзу	3	4	

				теориясы		
--	--	--	--	----------	--	--

MPG 2208 Маркшейдерлік-геодезиялық аспаптар -3кредит

Пререквизиттері: Математика, Геодезия, Физика, Инженерлік геодезиялық ізденістер

Оқу мақсаты: Заманауи аспаптармен толық танысып, механикалық аспаптардан ерекшелігін көру, электрондық аспаптардың ерекшелігі мен арнайы бағдарламаларға ешқандай көмексіз қосылғы арқылы мәліметтерді беру.

Қысқаша мазмұны: Геометриялық оптикадан мәлімет. Электронды теодолит туралы жалпы мәлімет. Оптикалық, лазерлік және сандық нивелирлер. Нивелир конструкцияларының ерекшеліктері мен сипаттамалары. Нивелирлік рейкалар, олардың тексерулері. Жарық қашықтық өлшеуіштер теориясы. Электронды тахеометрдің жалпы мәліметтер және конструкциялық ерекшеліктері. Қол жетпейтін қашықтықты қашықтық өлшеуішпен өлшеу принципі. Жер серіктік өлшеулерді жобалау және ұйымдастыру. Жерсеріктік өлшеуді өңдеу арнайы геодезиялық мәселелерді шешуді жерсеріктік өлшеу. Технологиясын қолдану лазерлік сканерлер. Лазерлік сканирлердің ерекшеліктері.

Күтілетін нәтижелер: Заманауи аспаптармен жұмыс жасап үйрену, заманауи аспаптардың ерекшеліктері мен адам өміріндегі алатын орнын және тиімділігін түсіну, арнайы бағдарламаларда аспаптардан алған мәліметтерді дұрыс өңдеу үшін керекті параметрлерін қою және т.б.

Постреквизиттері: жоғарғы геодезия

POGR 2208.1 Кен және көмір карьерлеріндегі ашық тау-кен жұмыстарының процестері - 3кредит

Пререквизиттері: Тау-кен өндірісінің негіздері

Оқу мақсаты: пәннің оқытудың мақсаты карьердегі өндірістік процестердің мәні және оларды есептеуді түсіндіру. Пәннің ғылыми және әдістемелік негізі болып тау-кен жұмыстарының объектілері мен тау жыныстарындағы барлық өндірістік процестерді оқыту болып табылатындықтан оқыту кезінде әр бір технологиялық процесс жыныстардың кен техникалық және физика-технологиялық сипаттамалары негізінде қарастырылады.

Қысқаша мазмұны: тау-кен жыныстарының сипаттамасы, тау-кен жыныстарының қазып алуға дайындау процесі, қазып-тиеу жұмыстары, тау-кен жыныстарын тасымалдау және қоймалау, процесстер арасындағы байланыстар.

Күтілетін нәтижелер: тау жыныстарының қасиеттері мен жағдайларына байланысты оларды қазудың дұрыс жолын, кен және тасымалдау аспаптардың түрін тандауды; процестердің технологиялық параметрлерін және режимін тандауды; кен жұмыстарын жүргізу үшін техникалық құжаттарды дайындауды; техникалық өндіру және қауіпсіздік ережелер талаптарына сай негізгі және қосымша процестерді орындауын ұымдастыруды білуі керек.

Постреквизиттері: Ашық кен жұмыстарының технологиясы

POGR 2208.2 Құрылыс тау жыныстары карьерлеріндегі өндірістік процестер - 3кредит

Пререквизиттері: Геологиялық пәндер;

Оқу мақсаты: пәннің оқытудың мақсаты құрылыс тау жыныстары карьерлеріндегі өндірістік процестердің мәні және оларды есептеуді түсіндіру. Бұл пәннің ғылыми және әдістемелік негізі болып тау-кен жұмыстарының объектілері мен тау жыныстарындағы барлық өндірістік процестерді оқыту болып табылады. Сол себепті пәнді оқыту кезінде әр бір технологиялық процесс жыныстардың кен техникалық және физика-технологиялық сипаттамалары негізінде қарастырылады.

Қысқаша мазмұны: Тау жыныстары құрылымының гидромеханизация процесіне әсері; тау-кен жыныстарының гидравликалық көліктерінің теоретикалық негіздері және инженерлік әдістерінің есептеулері; Карьердегі екпінді гидрокөліктерге қажетті жабдықтар; гидроманитормен тау-кен массивтерін гидравликалық бұзудың процестері; гидроүйінді жасаудың технологиясы және процестері.

Күтілетін нәтижелер: құрылыс тау жыныстары өндірілетін карьерлерде гидромеханизация әдісімен қазып алудың тәсілдері мен теоретикалық негіздері; ашық тау-кен жұмыстарындағы гидромеханизация процестері және тау-кен жыныстарын шаюға дайындаудың технологиясы; гидромеханизацияның процестерін автоматизациялау және басқару құралдарын таңдауға технологияның әсерін білуі керек.

Постреквизиттері: Ашық кен жұмыстарының технологиясы

PPGR 2208.3 Жерасты кен жұмыстарының процестері -3кредит

Пререквизиты: Математика; Геодезия

Пәнді оқыту мақсаты Студенттерді жерасты кен қазу жұмыстарының өндірістік процестерінің маңызын меңгеруге және технологиялық параметрлері мен жерастылық жабдықтардың өнімділігін анықтауға есептеулер жүргізуге үйрету

Пәннің мазмұны Кенорындарының кентехникалық шарттары. Өндірістік процестердің сыныптамасы. Кенді алу (түсім) көрсеткіштерінің құрылымы. Кеннің жоғалымы мен құнарсыздануының экономикалық зардабы. Кенорнын игеруге қойылатын талаптар. Кенді уату. Кенді уатудың механикалық және тағы басқа да тәсілдері. Кенді екінші қайтара уату. Кенді шығару, тиеу және жеткізу жұмыстарының технологиясы, оны механикаландыру және ұйымдастыру. Кенді ысырмалап жеткізу. Өзіжүргі жабдықтармен жеткізу. Дірілді қоректендіргіштер. Науалар. Кенді аттырыспен жеткізу. Тау-кен қысымын басқару. Тау-кен массасын тасымалдау. Уату, жеткізу және тасымалдау бойынша кеннің өзіндік құнын есептеу. Көмекші өндірістік процестер.

Күтілетін нәтижелер: Тау-жыныстарының қасиеттері және кенорнын игеру шарттарына сай студенттер түрлері мен өлшемдеріне байланысты тау-кен және тасымалдау жабдықтарын; процестердің технологиялық параметрлері мен режимдерін дұрыс таңдауды; процестер бойынша жабдықтардың өнімділігін өнімділігін есептей білуі; кен қазу жұмыстарын жүргізудің техникалық құжаттамаларын жасай білуі; техникалық пайдалану және қауіпсіздік ережелерінің талаптарына негізгі және қосымша процестерді орындауды ұйымдастыруды үйрету.

Постреквизиты: Жерасты кенштерін жобалау.

PBEGS 2208.4 Геотехнологиялық ұңғымаларды бұрғылау процестері және пайдалану -3кредит

Модуль пререквизиті Тау - кен өндірісінің негіздері

Пәнді оқыту мақсаты Геотехнологиялық ұңғымаларды бұрғылау процестері және пайдалануды игеру мен теориялық білімді меңгеру.

Пәннің мазмұны Өндіруші ұңғымаларды бұрғылау және геотехникалық қарастыру: барлау ұңғымаларын бұрғылау, ұңғымаларды геотехникалық бұрғылау тәсілдері; жедел және геотехникалық ұңғымаларды бұрғылау үшін машиналар мен жабдықтар; геотехникалық ұңғыма уран кен жұмыс істеуі үшін, әсіресе препараттар; төменгі ұңғымаларды қуыстарын жасау.

Күтілетін нәтижелер: Геотехнологиялық ұңғымаларды пайдалану және бұрғылаудың негізгі процестерін студенттерге үйрету

Постреквизит Уран кенорындарын жобалау

OPS 2208.5 Жерасты құрылысының объектілері– 3 кредит

Пререквизиттер: Физика, Тау-кен өндірісінің негіздері

Оқу мақсаты: тау-кен ісі мамандығы, шахта және жерасты құрылысы мамандандыру бағытындағы студенттерге жерасты ғимараттарының құрылысын жобалауға байланысты нақтылы инженерлік шешімдерді анықтауды және әртүрлі мақсаттарда салынатын жерасты нысандарының құрылыстарын сапалы салуды, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде кеніште салынатын объектілер, яғни, тік, көлбеу және жазық қазбалар, оқпан албарындағы тасымалдау қазбалары мен камералары және қалалық жерасты нысандарының құрылыстары, яғни, көлік тоннельдер, жерасты гараждары, гидротехникалық және су астындағы тоннельдер, метрополитен нысандары сияқты жерасты кешендері жалпылама қарастырылып оқытылады.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып үйрену барысында студенттер жерасты нысандары құрылысының тиімді сұлбаларын, жерасты қазбаларының жүк көтеретін қаптамаларына әсер ететін жүктемелердің көрсеткіштерін, жерасты ғимараттарының құрылысын жобалауға байланысты нақты инженерлік шешімдерді анықтап, оларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл пәнде оқпан мен квершлагтар және қосымша қазбаларды: оқпан албарындағы тасымалдау қазбалары, оқпан албарындағы камералар, АЗ қоймалары, подстанциялар және т.б. жерасты нысандары құрылысы қарастырылады.

Постреквизиттер: Тік тау-кен қазбаларын өту, Жазық және көлбеу қазбаларды өту

BVRPPK 2208.6 Жерасты кешендерін өтудегі бұрғылау-жару жұмыстары (БЖЖ) -3 кредит

Пререквизиттер: Физика, Тау-кен өндірісінің негіздері

Оқу мақсаты: тау-кен ісі мамандығы, тау-кен ісі және өнеркәсіптік жарылыс жұмыстары мамандандыру бағытындағы студенттерге жарылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу және тау-кен ісіндегі жарылыс жұмыстарын жобалауға байланысты нақтылы инженерлік шешімдерді қабылдауды үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде кеніште салынатын жерасты кешендерінің құрылысын жарылыс жұмыстары көмегімен салу, оқпан албарындағы камералар, тасымалдау, желдету қазбалары мен камералары, қосымша көлбеу және жазық қазбалар, жерасты қоймалары, гидротехникалық тоннельдер сияқты жерасты кешендерін жарылыс жұмыстары көмегімен өту технологиялары қарастырылып оқытылады.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып үйрену барысында студенттер жерасты кешендерін өтуде БЖЖ-ның паспорттарын, жобаларын жасауға байланыты нақты инженерлік шешімдерді үйренеді.

Постреквизиттер: Шахта оқпандарын өту және тереңдету, Тасымалдық және көліктік тау-кен қазбаларын өту

MRP 2209 Жер бетіндегі маршейдерлік жұмыстар - 3кредит

Пререквизиттері: Геодезия, Маркшейдерлік және геодезиялық өлшемдерді математикалық өңдеу, Маркшейдерлік іс, Аспаптану.

Оқу мақсаты: «Жер бетіндегі маркшейдерлік жұмыстар» пәнін оқыту нәтижесінде студенттерге келешек мамандықтарының квалификациялық сипаттамасына сәйкес білім беру.

Қысқаша мазмұны: Маршейдерлік тірек тораптарын құру, жер бетіндегі түсіріс негізінің уақытша және тұрақты центрлерінің пландық координаталарын анықтау, құрылыс торларының тік жомпарлары, көлік жолдарындағы маркшейдерлік түсірістер мен бөлу жұмыстары, жобадағы ғимараттарды жер бетіне көшірудегі маркшейдерлік жұмыстар.

Күтілетін нәтижелер: жер бетіндегі түсіріс негізінің уақытша және тұрақты центрлерінің пландық координаталарын әр түрлі әдістермен анықтау, трасса салу кезінде геодезиялық ізденістер жүргізу, құрылыс алаңында арнайы тірек тораптарын құру, құрылыстық монтаждау жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз ету.

Постреквизиттері: Математика, Физика

VSPOGR 2209.1 Ашық кен жұмыстар процестерінің өз-ара байланыстыру және оларды жоспарлау - 3кредита

Пререквизиттері: Тау-кен өндірісінің негіздері

Оқу мақсаты: Келешекте студенттердің жеке творчестволық жетілуіне және тәжірибесе алмасу үшін қосымша мәселелер тау-кен ғылымы мен өндірісін теориялық шешімдерін оқып біледі.

Қысқаша мазмұны: Карьердегі жүк ағымдардың түрлері. Кешенді тау-кен және көліктік жабдықтар жайлы түсінік. Карьердегі өндірістік процестердің өз ара байланыстары. Кешенді жабдықтардың ұйымдастыру мыстар негізі. Кешенді жабдықтардың есебі. Тау-кен жұмыстарының геолого-маркшейдерлік қамтамасыз ету. Ашу жұмыстарының процестерін қамтамасыз ету. Пайдалы қазбалар сапасын күнделекті орташаландыру. Құрлым мен жоспарлау тапсырмаларының негізі және басқаруы мен есептеулері. Жоспарлау жүйесіндегі ақпараттар мен басқару және есептеу. Тау-кен жұмыстарын күнделекті жоспарлау негізі. ЭЕМ қолдана отырып қазып – тиеу және бұрғылап-аттыру жұмыстарын бір айға жоспарлау. Тау-кен жабдықтарын жоспарлап жөндеу. Кертпештегі технологиялық графикті жұмысты есептеу. Тау-кен жұмыстарын ауымды түрде жоспарлау. Темір жол және автокөліктерді жетел-диспетчерлік басқару негізінде жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер: Карьерлерде технологиялық және жабдықтармен ұйымдастырылған байланысты жұмыс; Карьердегі пайдалы қазбаның сапасын қамтамасыздандыру; Күнделікті және жедел жоспарлау, тау-кен жұмыстарын есептеу және басқару; Ғылыми және әдістемелік пәннің орналасуы тау-кен объектісін және барлық өндірістік процестерді біледі. Ондай объектіге тау жыныстарды аршу және әр-түрлі пайдалы қазбалар анықтай алады. Әр бір карьердің нақты кен орындағы тау жыныстарға байланысты кәзіргі кездегі инженерлік және экономикалық есептеулер кезінде жоспарлау және жобалау механизациялары мен ұйымдастыру тау жыныстарды қарапайым экспериментальды мәліметтер арқылы салыстыруға болады. Онда пәнді зерттеп оқу барысында студенттер тау жыныстарының физико-техникалық және тау-кен геологиялық (санды) сипаттамасын және әр бір өндірістік процестердің тәуелсіз мәнін анықтай алуы. Пәнді оқып шыққанда студент өздігінен басын бастап оқып аяғына дейін тыйанақта түрде шеміні табу, оптиматизациялы тапсырмаларды орындау процестері. Осыған байланысты ғылымдар процестердің өз-ара байланыстары мен техникалық құралдары жоспарлау мен басқару кезіндегі түрлері бойынша карьерлердегі жүк ағымдарды орналасқан және тау жыныстарды ауыстыру бағытындағы яғни машиналардың бір ынғай жұмыстары мен кешенді механизмдерді осы жүк ағымдарын толығымен тиеп тасмалдайды.

Постреквизиттері: Ашық тау-кен жұмыстар технологиясы.

BSPSGP 2209.2 Процестердің өз-ара байланысы - 3кредита

Пререквизиттері: Геологиялық пәндер

Оқу мақсаты: Студенттердің жеке жетілуіне және тәжірибесе алмасу үшін қосымша мәселелер тау-кен ғылымы мен өндірісін теориялық шешімдерін оқып біледі.

Қысқаша мазмұны: Кешенді тау-кен және көліктік жабдықтар жайлы түсінік. Карьердегі өндірістік процестердің өз ара байланыстары. Кешенді жабдықтардың есебі. Тау-кен жұмыстарының геолого-маркшейдерлік қамтамасыз ету. Пайдалы қазбалар

сапасын күнделекті орташаландыру. Құрлым мен жоспарлау тапсырмаларының негізі және басқаруы мен есептеулері. Жоспарлау жүйесіндегі ақпараттар мен басқару және есептеу. Тау-кен жұмыстарын күнделекті жоспарлау негізі. Тау-кен жабдықтарын жоспарлап жөндеу.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқып шыққанда студент өздігінен басын бастап оқып аяғына дейін тыйанақта түрде шеміні табу, оптиматизациялы тапсырмаларды орындау процестері. Осыған байланысты ғылымдар процестердің өз-ара байланыстары мен техникалық құралдары жоспарлау мен басқару кезіндегі түрлері бойынша карьерлердегі жүк ағымдарды орналасқан және тау жыныстарды ауыстыру бағытындағы яғни машиналардың бір ынғай жұмыстары мен кешенді механизмдерді осы жүк ағымдарын толығымен тиіп тасмалдайды.

Постреквизиттері: Ашық тау-кен жұмыстар технологиясы.

PRPM 2209.3 Тақталы кенорындарын жерасты қазу - 3 кредит

Пререквизиттер: Математика, Физика.

Оқыту мақсаты: Пәнді оқыту мақсатына тау кен инженері маманын қалыптастырушы арнайы пәнді оқыту, шахта алабын ашу және дайындау сұрақтары, әр түрлі кен-геологиялық және кен-техникалық жағдайларда тақта кенорындарының қазу жүйелері бойынша студенттердің білімін кеңейту және тереңдету жатады.

Қысқаша мазмұны: Тақта кенорындары және олардың жату жағдайлары туралы мәліметтер. Шахтаның негізгі шамашарттары. Дайындау жүйесінің классификациясы. Тақта кенорындарын ашу. Көмірді жерасты газдандыру. Көмірді жерасты гидравликалық игеру. Жерасты гидроигерудің қазу жүйелері. Қазу жүйелерінің классификациясы. Жаппай қазу жүйелері. Ұзын бағанды қазу жүйелері. Қысқа тазарту забойлармен қазу жүйелері. Кен қазбаларының тіректері. Толтыру жұмыстарының технологиясы.

Күтілетін нәтижелер: - тақта кенорындары туралы жалпы мәліметтерді, пайдалы қазбалар кенорындарын жерасты қазу тәсілдері туралы білу, алынған білімді келесі арнайы пәндерді оқуда пайдалана білу.

Постреквизиттер: Тау-кен кәсіпорны аэрологиясы негіздері; Жерасты кеніштерін жобалау.

PRKRM 2209.4 Тұрақты және кенқайран кен орнын қазу – 3 кредит

Пререквизиттері: Жерасты кен қазу жұмыстарын жүргізудің арнайы сұрақтары

Оқыту мақсаты: Кеніштің өндірістік сипаттамасы, сапашарт туралы түсініктер.

Қысқаша мазмұны: Тұрақты және кенқайран кен орындарының түрлері және құрылымы. Сулылық және мәңгілік мұзды тон. Кенқайранда пайдалы компонент-тердің таралу сипаты және сынамалануы. Беткейлік мөлшер. Кен қайрандарды жерасты игеру ерекшеліктері. Тұрақты және кенқайран кен орындарын ашу және даярлау. Кеніш алабы және оны қазу реті.

Күтілетін нәтижелер: Қазу жүйелерінің сыныптамасы және тазарта қазудағы негізгі өндірістік процестерді жетік меңгеру.

Постреквизиты: Дипломдық жобаны жазу

KM 2209.5 Бекітпе материалдары - 3 кредит

Пререквизиттер: Химия, Физика, Тау-кен өндірісінің негіздері

Оқу мақсаты: Шахта және жерасты құрылысы мамандарын дайындау, оларды мамандық бойынша өздігінен тәжірибелік шешімдерді қабылдауға үйрету. Атап айтқанда құрылыстық-бекітпе материалдарының физикалық қасиеттері, жерасты ғимараттарының қаптамаларына және бекітпелеріне қолданылатын бекітпе материалдарының түрлері және олардың химиялық және механикалық қасиеттері қамтылады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде жерасты ғимараттары мен қазбаларын бекітуге қолданылатын бекітпе материалдарының құрылымдық ерекшеліктері және олардың беріктігі мен төзімділігін есептеу әдістері қамтылады. Бекітпе материалдарын техникo-экономикалық жағынан таңдау әдістемелері оқытылады.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студенттер метал, ағаш, бетон және темірбетон, анкер және бүрікпелбетон бекіпелерінің материалдарынан кең көлемде мәліметтер алады және де нақтылы шарттарға сәйкес, жерасты ғимараттары құрылысының жобасын жасауда, бекітпе материалдарының тиімді түрлерін, оларға түсетін жүктемелерді инженерлік тұрғыдан есептеп қабылдау әдістерін меңгереді.

Постреквизиты: Жерасты ғимараттарының механикасы, Жерасты ғимараттарының конструкцияларын есептеу

РVV 2209.6 Өнеркәсіптік жарылғыш заттар - 3 кредит

Пререквизиттер: Химия, Физика, Тау-кен өндірісінің негіздері

Оқу мақсаты: Тау-кен өнірісінде кендерді, таужыныстарын бұзып қопару мақсатында қолданылатын өнеркәсіптік жарылғыш заттар түрлерін, олардың құрамдарын, қолданылу шарттарын студенттерге үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Бұл пәнде мына мәселелер қамтылады. Жарылғыш заттардың (ЖЗ) топтамасы. ЖЗ-дың әртүрлі технологиялық қасиеттері. Құрамды аммиакты селитралы ЖЗ-дың негізгі компоненттері. Зауытта және пайдаланылатын жерде дайындалатын ЖЗ. Қарапайым және жаңа ЖЗ-ды дайындаудың технологиялық схемалары.

Күтілетін нәтижелер: Жаңа жару құралдары (ЖҚ): капсюль-детонаторлар, электрлі детонаторлар, детонациялық шнурлар, оттық шнур, аралық детонаторлар. Жаңа ЖҚ-ының түрлері, қолданылу шарттары. Метанды-ауалы органың қозу териясының негіздері және сақтандырғыш жарылғыш заттарды сынау әдістері. Сақтандырғыш жарылғыш заттардың негізгі сипаттамалары. ЖЗ-мен жұмыс жасау, қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

Постреквизиттер: Арнайы бұрғылау-жару жұмыстары, Жарылыс жұмыстарын орындаудағы өнеркәсіп қауіпсіздігі

GGPP 2302 Тау-кен жыныстарының физикасы және процестері -3кредит

Пререквизиттері: физика

Оқу мақсаты: Жер асты әдіспен тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде, олардың құбылысы және жыныстардың физика-техникалық қасиеттерін маңызын студенттердің терең меңгеруі

Қысқаша мазмұны: Тау-кен жыныстарының еңсебі мен мақсаты. Тау-кен жыныстарының физика-техникалық түсінігі. Тау-кен жыныстарының механикалық қасиеттері. Тау-кен жыныстарының жылулық қасиеттері. Тау-кен жыныстарының серпімділік қасиеттері. Тау-кен жыныстарының пластикалық қасиеттері. Жыныстардың реологиялық қасиеттері. Тау-кен жыныстарының беріктігі және бұзылуы. Электрлік, магниттік қасиеттері. Тау жыныстарының гидравликалық қасиеттері. Тау-кен жыныстарының кен-технологиялық параметрлерін талдау. Өндірістегі физикалық процестер. Тау жыныстарының беріктік теориясы. Тау-кен жыныстарының акустикалық қасиеттері және серпімділік тербелісі. Қопсытылған тау-кен жыныстарының физика-техникалық параметрлері. Массивтегі тау-жыныстарының физикалық құбылысы. Массивтегі тау-жыныстары параметрлерінің негізгі ерекшеліктері. Қопсытылған жыныстардың физика-техникалық қасиеттері.

Күтілетін нәтижелер: параметрлердің өлшемдерін анықтау, тау-кен жыныстары физика-техникалық параметрлерінің негізгі сандық өлшемдерін, физикалық өрісті немесе механизмдердің процестегі физикалық өзгерістерін анықтау.

Постреквезиты: Разрушение горных пород взрывом

FTSP 2302.1 Тау-кен жыныстарының физикалық қасиеттерінің негіздері -3кредит

Пререквизиттері: физика

Оқу мақсаты: Болашақ мамандарға жыныстардың физика-техникалық қасиеттерін және жер астындағы тау-кен жұмыстарының өзгеру құбылыстарын білуін қажет етеді.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен жыныстарының физика-техникалық қасиеттерін түсіну. Тау-кен жыныстарының механикалық, серпімділік қасиеттерін анықтау. Жыныстардың және минералдардың поляризациясы, Диэлектрлік өтімділік. Тау-кен жыныстарының жылулық қасиеттері: Жылудың жиналуы және таралуы. Жыныстың жылу сыйымдылығы. Тау-кен жыныстарының гидравликалық қасиеттері: Жыныстардағы газдар мен сұйықтықтың құрамы. Жыныстардағы газ бен сұйықтықтың орын алмастыруы. Тау-кен жыныстарының тау-кен параметрлерін талдау. Бекемдігі, төзімділігі, пластикалығы, қаттылығы бұзылғыштығы. Тау-кен өндірісіндегі физикалық процестер. Физико-технические параметры разрыхленных горных пород. Физическое состояние горных пород в массиве. Массивтегі тау-жыныстарының физикалық құбылысы. Массивтегі тау-жыныстары параметрлерінің негізгі ерекшеліктері. Қопсытылған жыныстардың физика-техникалық қасиеттері.

Күтілетін нәтижелер: параметрлердің өлшемдерін анықтау, тау-кен жыныстары физика-техникалық параметрлерінің негізгі сандық өлшемдерін, физикалық өрісті немесе механизмдердің процестегі физикалық өзгерістерін анықтау.

Постреквезиты: Тау жыныстарын бұзу теориясы

GD 2211 Геологиялық пәндер -3кредита

Пререквезиты: физика

Цель преподавания дисциплины: Бұл тақырыпты оқу барысында студент минералдар, тау жыныстары, кендер, пайдалы қазбалар кен орындарын қалыптастыру материалдық құрамы турлы түсінік алуға тиіс.

Содержание дисциплины: минералдар, пайдалы қазбалар кен орындарын инженерлік-геологиялық жағдайлары және тау-кен объектілерді салу мен пайдалануға жобалау үшін қажетті геологиялық деректерді қалыптастыру экзогендік және эндогендік процестердің рөлі. Жер қыртысы, оның түрлері мен құрылымы. Эндогенді геологиялық процестер. Метаморфизм. Экзогендік геологиялық процестер. Минералдар және олардың түрлері. Минералды барлау. тау-кен нысандарын жобалау, салу және пайдалану кезінде пайдаланылатын геологиялық деректер.

Задачи дисциплины пәнді оқып үйренуде студент жер қыртысының тұжырымдамасын, оның түрлері мен құрылымын үйпенеді. Эндогенді геологиялық процестер. Метаморфизм. Экзогендік геологиялық процестер. Минералдар және олардың түрлері. Минералды барлау. Тау-кен нысандарын жобалау, салу және пайдалану кезінде пайдаланылатын геологиялық деректер.

Постреквезиты: дипломдық жұмысты орындауға қолданады

OG 2211.1 Геология негіздері -3кредита

Пререквезиты: физика

Цель преподавания дисциплины: Бұл тақырыпты оқу барысында студент минералдар, тау жыныстары, кендер, пайдалы қазбалар кен орындарын қалыптастыру материалдық құрамы турлы түсінік алуға тиіс.

Содержание дисциплины: минералдар, пайдалы қазбалар кен орындарын инженерлік-геологиялық жағдайлары және тау-кен объектілерді салу мен пайдалануға жобалау үшін қажетті геологиялық деректерді қалыптастыру экзогендік және эндогендік

процестердің рөлі. Жер қыртысы, оның түрлері мен құрылымы. Эндогенді геологиялық процестер. Метаморфизм. Экзогендік геологиялық процестер. Минералдар және олардың түрлері. Минералды барлау. тау-кен нысандарын жобалау, салу және пайдалану кезінде пайдаланылатын геологиялық деректер.

Задачи дисциплины пәнді оқып үйренуде студент жер қыртысының тұжырымдамасын, оның түрлері мен құрылымын үйпенеді. Эндогенді геологиялық процестер. Метаморфизм. Экзогендік геологиялық процестер. Минералдар және олардың түрлері. Минералды барлау. Тау-кен нысандарын жобалау, салу және пайдалану кезінде пайдаланылатын геологиялық деректер.

Постреквезиты: дипломдық жұмысты орындауға қолданады

ОКМД 2210 Маркшейдерлік ісінің жалпы курсы -4кредит

Пререквизиттері: геодезия, математика, физика, механика, сызба геометриясы, тау-кен ісінің негіздері.

Оқу мақсаты: :«Маркшейдерлік істің жалпы курсы» пәнін оқыту нәтижесінде студенттерге келешек мамандықтарының квалификациялық сипаттамасына сәйкес білім беру.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен жұмыстарына негіз болатын маркшейдерлік тірек және түсіру жүйелерін құру, маркшейдерлік бөлу, бақылау және өлшеу жұмыстарының әдістерін, тәсілдерін үйрену және орындау, қажетті аспаптарын меңгеру, маркшейдерлік графикалық құжаттарды дайындау және пайдалануды білу, үйрену, қажетті программаларды және компьютерлік техникаларды меңгеру және пайдалану.

Күтілетін нәтижелер: Қазіргі кезде маркшейдерлік іс тау-кен ғылымының және өндірісінің маңызды саласы болып саналады. Маркшейдерлік маман, пайдалы кен орындарын игерудің барлық кезеңдеріне (барлау, жобалау, құрылыс салу, пайдалану), тау-кен өндірістерін жабу (тарату, жою) және тау-кен жұмыстарының әсерінен бұзылған жерлерді қалпына келтіру кездеріндегі мәселелерді шешуге толық дайын болуы керек.

Постреквизиттері: Геологияны, шахта құрылысындағы маркшейдерияны, жер қойнауының геометриясын, геомеханиканы, кен орындарын игеру технологияларын оқуға негіз болады.

ВКР2210.1 – Ашық тау-кен жұмыстарының карьерлер алаңдарын ашу және жүйелері - 4кредит

Пререквизиттері: Кен және көмір карьерлеріндегі ашық тау-кен жұмыстар процестері

Оқу мақсаты: – студентке толық жинақталған теориялық білімін қалыптастыру үшін карьерлерді жобалау, қатты пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазып игеру кезіндегі ерекшеліктерін есептеу әдістерімен оптималды жобалау шешімдерін жақсы қолдана біруі.

Қысқаша мазмұны: Кен орның ашық қазып игерудің негізгі ұғымы менпринциптері. Карьердің жұмыс деңгейжиегін ашудың тәсілі. Қазылып игерілетін орындар. Ашу қазбаларының оржолдары. Жерасты қазбаларын қолдана отырып ашып игеру. Оржолдар параметрлері. Өту жолдарының сыныптамасы. Көліктік оржолдарды қолдану. Кен орындарды ашық қазу жүйелері және олардың сыныптамасы. Ашық қазу жүйелерінің негізгі параметрі. Карьердің жұмыс аймағы және оның параметрлері. Ашық қазу жүйелерінің көрсеткіштері. Карьердің жұмыс аймағындағы тау жыныстар қоры. Тұтас қазу жүйесі, оларды қолдану және ерекшеліктері. Терең қазу жүйесі, шарттары мен қолдануы және ерекшеліктері.

Күтілетін нәтижелер: пәнді зерттеп оқу барысында кен орындарды қазу кезінде ашық тау-кен жұмыстар технологиясының ерекшеліктері, түрлі тау-кен геологиялық және

табиғи жағдайларда орналасқан кенді есестей алу; карьерлердің жұмыс аймақтарындағы даму заңдылықтары; ашып игерудің сұлбасын, тәсілін таңдау және әдісін негіздей алу, қазу жүйесін, тиімділін қамтамасыздандыратын және жердегі қорды толық қолдану.

Пәнді оқып шыққанда студент өздігінен: ашып игерудің параметрлерін технологиялық есептеп және негіздеу, яғни нақты кен орындағы кеннің орналасуына байланысты қазу жүйесін дұрыс таңдай білуі.

Постреквизиттері: Ашық тау-кен жұмыстар технологиясы.

GDSGP 2210.2 Құрылыс тау-кен жыныстарын қазудың гидромеханизациясы -4кредит

Пререквизиттері: Тау-кен жыныстарының физикасы.

Оқу мақсаты: ашық кен жұмыстарында құрылыс тау-кен жыныстарын гидромеханизация арқылы қазып алу кезінде студенттерге тереңдетілген теоретикалық білім беруді қамтамасыздандыру. Сонымен қатар ашық кен жұмыстарында құрылыс тау-кен жыныстарын берілген шарттарға байланысты тиімді жобалық шешімдер кезінде есептер жүргізе білуін үйрету.

Қысқаша мазмұны: Тау жыныстары құрылымының гидромеханизация процесіне әсері, тау-кен жыныстарының гидравликалық көліктерінің теоретикалық негіздері және инженерлік әдістерінің есептеулері. Гидроқұрылыстарды сумен қамтамасыздандыру. Карьердегі екпінді гидрокөліктерге қажетті жабдықтар. Гидроүйіндінің сымдылығы және оны шектеу. Гидроүйінді жасаудың технологиясы және процестерін туралы мәліметтер.

Күтілетін нәтижелер: құрылыс тау жыныстары өндірілетін карьерлерде гидромеханизация әдісімен қазып алудың тәсілдемі мен теоретикалық негіздерін; ашық тау-кен жұмыстарындағы гидромеханизация процесстері және тау-кен жыныстарын шаюға дайындаудың технологиясын; гидромеханизацияның процестерін автоматизациялау және басқару құралдарын таңдауға технологияның әсерін білу керек.

Постреквизиттері: Кенді ашу және ашық қазу жүйелері

BPM 2210.3 Пайдалы қазба кенорындарын ашу және даярлау – 4 кредит

Пререквизиттері: Тау-кен өндірісінің негізі

Зерделеу мақсаты: “Кеніш алабын ашу және даярлау” курсынан берілетін білімді болашақ Кен ісі мамандарына жерасты кен қазудың бірінші және екінші кезеңдері: шақты алабын ашу және ашылған жерді кен қазуға даярлау бойынша алған білімін өндіріс жағдайында қолдана білуге баулу. Бұл жас мамандарға берілетін практикалық есептеулер қолданысына қарай олардың еңбек рыногында бәсекелестік біліктілігін арттыруға арналған.

Қысқаша мазмұны: Пән болашақ кен ісінің мамандарын жерасты қазу жұмыстарының екі технологиясы бойынша кеніш алабын ашу және даярлауға арналған. Сондықтанда кеніш алабын ашу және даярлау пәні бойынша студенттерді шақтының басты шамашарттарын анықтап, сонымен сабақтастыра тиімді ашу тәсілін таңдауға машықтандырады.

Күтілетін нәтиже: Пәннің негізгі мақсаты шақты алабын ашудың тиімді тәсілін таңдауға машықтандыру болғандықтан болашақ кен ісі мамандарын өндірістік, әлеуметтік, әсіресе қауіпсіздік мәселелерді шешуге баулиды.

Постреквизиттері: Жерасты кен қазу жүйесі

VPMPV 2210.4 Уранды ұңғымалармен жерастында сілтілеу кезінде кенорнын ашу және даярлау -4кредит

Пререквизиттері: Тау-кен өндірісінің негізі

Зерделеу мақсаты: Болашақ Кен ісі мамандарына Уран кенорнын жерасты сілтілеу бірінші және екінші кезеңдері: ұңғымаларды бұрғылау және бұрғыланған

ұңғымаларды сілтілеуге дайындау бойынша алған білімін өндіріс жағдайында қолдана білуге баулу. Бұл жас мамандарға берілетін практикалық есептеулер қолданысына қарай олардың еңбек рыногында бәсекелестік біліктілігін арттыруға арналған.

Қысқаша мазмұны: Пән болашақ кен ісінің мамандарын Уран кенорынын жерасты сілтілеу жұмыстарының екі технологиясы бойынша кеніш алабын ашу және даярлауға арналған. Сондықтан Уран кенорынын жерасты сілтілеуде ұңғымаларды бұрғылау және даярлау пәні бойынша студенттерді шақтының басты шамашарттарын анықтап, сонымен сабақтастыра тиімді ашу тәсілін таңдауға машықтандырады.

Күтілетін нәтиже: Пәннің негізгі мақсаты шақты алабын ашудың тиімді тәсілін таңдауға машықтандыру болғандықтан болашақ кен ісі мамандарын өндірістік, әлеуметтік, әсіресе қауіпсіздік мәселелерді шешуге баулиды.

Постреквизиттері: Дипломдық жоба жазу

MPS 2210.5 Жерасты ғимараттарының механикасы – 4 кредит

Пререквизиттер: Математика Mat(1)1203, Физика I Fiz(1)1205, Бекітпе материалдары КМ 2211.5, Таужыныстарының физикасы және процестері GGPP2303

Оқу мақсаты: студенттерге таужыныстары массивінің физико-механикалық қасиеттері және олардың құрылымдық-механикалық ерекшеліктері, жерасты сілемдерінде қазба өту жұмыстарын жүргізудегі таужыныстары массивінің табиғи кернеулі-деформациялық жағдайлары мен заңдылықтарын үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Жерасты ғимараттарының механикасы пәнінде таужыныстары массивінің физико-механикалық қасиеттері және олардың құрылымдық-механикалық ерекшеліктері, жерасты сілемдерінде қазба өту жұмыстарын жүргізудегі таужыныстары массивінің табиғи кернеулі-деформациялық күйінің бұзылуынан пайда болатын механикалық процесстер, тау-кен қазбаларын салуға және оларды бекітуге әсер ететін таужыныстарынан болатын қысымдарды есептеу жолдары, таужынысы массиві мен бекітпенің өзара әрекеттесу механзмдері оқытылып қарастырылады. Сонымен қатар, жерасты қазбаларының бекітпе конструкциялары және жерасты ғимараттарының қаптамалары, бекітпеге және қаптамаға түсетін жүктемелерді есептеу жолдары үйретіледі.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді дұрыс меңгерген студенттер таужыныстары массивінің физико-механикалық қасиеттері және олардың құрылымдық-механикалық ерекшеліктері, жерасты сілемдерінде қазба өту жұмыстарын жүргізудегі таужыныстары массивінің табиғи кернеулі-деформациялық жағдайлары мен заңдылықтарын білулері керек.

Постреквизиттер: Жерасты ғимараттарының конструкцияларын есептеу, Тік тау-кен қазбаларын өту, Жазық және көлбеу тау-кен қазбаларын өту

TEP 2210.6 Жарылыс процесінің термодинамикасы – 4 кредита

Пререквизиттер: Химия, Математика, Физика, Өнеркәсіптік жарылғыш заттар

Оқу мақсаты: жарылыс процесінің негізгі қағидалары мен термодинамиканың негізгі заңдылықтарын үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде жарылыс процесінің негізгі қағидалары мен термодинамиканың негізгі заңдары және оның негізгі ерекшеліктері, сонымен қатар, жарылыс кезінде пайда болған соққы толқыны мен дүмпуінің негізгі көрсеткіштері қарастырылады. Жарылыстың жылу энергиясын тиімді пайдалану және соның арқасында жарылыстың технологиялық процестерінің сапасын арттыру сұрақтары қарастырылады. Сонымен қатар химиялық термодинамиканың негіздері. Қатты заттардың жылу қасиеттері. Температураға байланысты таужыныстарының қасиеттерінің өзгеруі. Қатты заттардағы жылудың таралу қарқындылығы. Тау-кен өндірісінің термодинамикалық процестері. Қатты таужыныстарын термикалы қопару.

Күтілетін нәтижелер: жарылыс процесінің негізгі қағидалары мен термодинамиканың негізгі заңдылықтарын, жарылыстың жылу энергиясын тиімді пайдалану және соның арқасында жарылыстың технологиялық процестерінің сапасын арттыру жолдарын, сонымен қатар, химиялық термодинамиканың негіздерін үйренеді.

Постреквизиттер: Арнайы бұрғылау-жару жұмыстары, Жарылыс жұмыстарын орындаудағы өнеркәсіп қауіпсіздігі

RGPV2212 Таужыныстарын жарылыспен бұзу – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия, Физика

Оқу мақсаты: Жарылыс ісі саласындағы мамандарды дайындау, олардың өздігінен тәжірибелік жұмыстарды жасауға керекті ұғымдарды үйрету. Жарылғыш заттарды және аттыру құралдарын, қоздыру құралдарын, жерасты ғимараттарының құрылысы және пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі аттыру жұмыстарының әдістерін үйрету.

Қысқаша мазмұны: Өндірістік жарылғыш заттарға сипаттамалар, оларды аттыру және от беру әдістері, бұрғылап-аттыру жұмыстарының есебі және аттыру желісін әбзелдеу тәсілдері, жерасты қазбаларында және ашық тау-кен жұмыстарында аттыру жұмыстарының технологиясы, жоспары, дайындық жұмыстары, жарылыс жұмыстарын орындауға арналған құжаттарға қойылатын талаптар.

Күтілетін нәтижелер: Жарылғыш заттардың негізгі қасиеттерін және есепті сипаттамаларын дұрыс анықтау; кен өндіру кәсіпорындарындағы бұрғылап-аттыру жұмыстарын жобалау; өндірістік жарылғыш заттарды сынай білу; жерасты қазба және ашық тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде аттыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Постреквизиттер: Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясы, Жерасты тау-кен жұмыстарының технологиясы, Тау-кен кәсіпорындарының аэрологиясы

TRGP2212.1 Таужыныстарын жарылыспен бұзу теориясы – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия, Физика

Оқу мақсаты: Таужыныстарын жарылыс күшімен қопара отырып пайдалы қазындыларды игеру, жерасты ғимараттарын салу сияқты жер қойнауындағы таужынысы сілемінде жұмыстарды қауіпсіз және сапалы орындаудағы ғылыми және инженерлік қамтамасыз ету бойынша кәсіби мамандарды дайындау.

Қысқаша мазмұны: Пәнде таужыныстарының негізгі қасиеттері және жарылыс жұмыстарына байланысты олардың классификациялары, бұрғылаудың заманауи әдістері туралы қысқаша түсінік келтірілген. Сонымен қатар өнеркәсіптік ЖЗ-дың, қоздыру жабдықтарының сипаттамалары, жарылыс жұмыстары параметрлерін есептеудің жалпы принциптері, жарылыс күшімен таужыныстарын ұсақтау дәрежесін реттеу принциптері, жарылыс жұмыстарын қауіпсіз орындау технологиясы және тасымалдау талаптары қарастырылады.

Күтілетін нәтижелер: Бұл пәнді оқу - білім алушылардың ойлану қабілетін және қолданбалы мәселерді ғылыми жолмен шешуде дұрыс шешімдер қабылдай білуге үйретеді. Таужынысы сілеміне жарылыс күшімен әсер еткенде пайда болатын заңдылықтарды білу, пайдалы қазындыларды жерасты әдісімен игеру және жерасты ғимараттарының құрылысы саласындағы мамандарға өте қажет.

Постреквизиттер: Пайдалы қазбалар кенорындарын ашық игеру, Жерасты тау-кен жұмыстарының технологиясы және механикаландыру, Арнайы жарылыс жұмыстары

3-ші курс

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны
1	БД 3.2.16	TOGR3216	Ашық кен жұмыстарының технологиясы	3	5
2	БД 3.2.16.1	KMOGR3216.1	Ашық кен жұмыстарының кешенді механизациясы	3	5
3	БД 3.2.17	TPGR3217	Жерасты кен қазу жұмыстарын жүргізу технологиясы	3	5
4	БД 3.2.17.1	KMPR3217.1	Жер асты тау-кен жұмыстарының технологиясы және кешенді механикаландыру	3	5
5	БД 3.2.18	OKMD3218	Маркшейдерлік ісінің жалпы курсы	3	5
6	БД 3.2.18.1	BKP3218.1	Карьер алаңдарын ашу және ашық тау-кен жұмыстар жүйесі	3	5
7	БД 3.2.18.2	PPGR3218.2	Жерасты кен жұмыстарының процестері	3	5
8	БД 3.2.18.3	MPS3242	Жерасты ғимараттарының механикасы	3	5
9	ПД 3.3.6	MShS 3317	Шахта құрылысының маркшейдериясы	3	5
10	ПД 3.3.6.1	SCVOGR3306.1	Ашық тау-кен жұмыстарын жүргізудің арнайы тәсілдері	3	5
11	ПД 3.3.6.2	SVVPGR336.2	Жерасты кен жұмыстарын жүргізудің арнайы сұрақтары	3	5
12	ПД 3.3.6.3	SSSPS336.3	Жерасты ғимараттары құрылысының арнайы әдістері	3	5
13	БД 3.2.20	MAGR 3246	Ашық тау-кен жұмыстарының маркшейдериясы	3	6
14	БД 3.2.20.1	MRKR 32201	Карьердегі маркшейдерлік жұмыстары	3	6
15	БД 3.2.20.2	MRPR 3248	Жерасты жүйелерін	3	6

			маркшейдерлік қамтамасыз ету		
16	БД 3.2.20.3	MOGRCP3 220.3	Тау-кен мекемелерін салудағы маркшейдерлік қамтамасыз ету	3	6
17	БД 3.2.21	SPORPR3221	Жерасты кен жұмыстарында даярлау және тазартыс жұмыстарын жүргізу тәсілдері	3	6
18	БД 3.2.21.1	PTPR 3311	Ашық кен жұмыстарын ағымды және болашақта жобалау	3	6
19	БД 3.2.21.2	RMOC3221.2	Кенорындарын ерекше жағдайда игеру	3	6
20	БД 3.2.21.3	RKPC32213	Жерасты ғимараттарының конструкцияларын есепетеу	3	6
21	БД 3.2.22	MOGI3303	Маркшейдерлік және геодезиялық өлшемдерді математикалы қондеу	3	6
22	БД 3.2.22.1	GTMOGR3 2221	Горно-транспортные машины и оборуд. открытых горных работ	3	6
23	БД 3.2.22.2	GTMOPR322 22	Горно-транспортные машины оборуд. подземных рудников	3	6
24	БД 3.2.22.3	MODTGP322 23	Машины и оборудование для добычи и транспортир. горных пород	3	6
25	ПД 3.3.7	GEOM 3310	Геомеханика	3	6
26	ПД 3.3.7.1	REKK 4346	Кен және көмір карьерлерін реконструкциялау	3	6
27	ПД 3.3.7.2	SRPRMPI337 2	Пайдалы қазба кенорындарының қазу жүйелері	3	6
28	ПД 3.3.7.3	PGNGV3373	Жазық және көлбеу тау-кен қазбаларды өту	3	6
29	ПД 3.3.8	FOTG3237	Фотограмметрия	2	6
30	ПД 3.3.8.1	RMTR3304	Ресурстарды және аз қалдықты технологияларды сақтау	2	6
31	ПД 3.3.8.2	USM 3306	Массивтердің жағдай-күйін басқару	2	6

32	ПД 3.3.8.3	ТТBR 3309	Жарылыс жұмыстарының техникасы және технологиясы	2	6
----	------------	-----------	--	---	---

ТОGR3216 Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясы -3 кредит

Пререквизиттері: Тау кен технологиясының негіздері;

Оқу мақсаты: тау-кен кәсіпорындары жұмысының жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ететін, қатты пайдалы қазбалардың кенорындарын ашық игерудің ғылыми-негізделген әдістерін оқытып үйрету болып табылады. Бұл кезде пәннің бастапқы ғылыми және әдістемелік базасы болып студенттердің тау-кен жұмыстары нысаны жөнінде және тау жыныстарында болатын барлық өндірістік процестер жөнінде алған білімдері саналады. Сондықтан пәнді оқу барысында әрбір технологиялық процесс жыныстардың физика-технологиялық және тау-кен техникалық (сандық) сипаттамалары негізінде қарастырылады. Бұл ашу схемаларын таңдауда, қазу жүйесін негіздегенде, жабдықтардың әртүрлі түрлері мен типтерін қолдану шарттарын анықтағанда, процесстердің технологиялық параметрлерін анықтағанда, тау-кен және тасымалдау машиналарының есептеу әдістемелерінде қажет болады.

Қысқаша мазмұны: ашық тау-кен жұмыстарының мәні мен ерекшеліктері, ұңғылық зарядтар конструкциясы, параметрлері және оларды есептеу принциптері, карьер көліктерінің түрлері және олардың технологиялық сипаттамасы, кен жыныстар қоспасын темір жол көлігімен тасымалдау, кен жыныстар қоспасын автомобиль және конвейер көліктерімен тасымалдау, тегіс қазу жүйелері, қолданылу жағдайлары және ерекшеліктері туралы мәліметтер.

Күтілетін нәтижелер: жыныстардың қасиеттеріне және оларды қазу шарттарына сәйкес кенорынын ашу схемасын, қазу жүйесін, тау-кен және көлік жабдықтарының түрі мен типтік размерін дұрыс таңдауды; процесстердің режимдерін таңдауды және технологиялық параметрлерін анықтауды; процесстер бойынша жабдықтардың өнімділігін есептеуді ; тау-кен жұмыстарын жүргізуге техникалық құжаттарды жасауды; техникалық эксплуатациялық ережелері мен қауіпсіздік ережелері талаптарына сәйкес негізгі және көмекші процесстерді орындауды ұйымдастыруды білу керек;

Постреквизиттері: Кен және көмір карьерлерін жобалау

КМОGR3216.1 Ашық кен жұмыстарының кешенді механизациясы -3кредит

Пререквизиттері: Руда және көмір карьерлеріндегі ашық кен жұмыстарының процесстері

Оқу мақсаты: студенттерге ашық кен жұмыстарының кешенді механизациялау мен технологиясы бойынша тереңдетілген білім алу, пайдалы қазбаларды ерекше жағдайда игеру кезінде технолгиялық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдауға үйрету.

Қысқаша мазмұны: Карьер алаңдарын ашу және ашық қазу жүйесі. Пайдалы қазба кенорындарын ашық игерудің негізгі түсініктері мен принциптері. Жүк ағындарының түрлері және оларды қалыптастырудың алғышарттары. Карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу тәсілдері. Ашу қазбалары. Оржол параметрлері. Оларды үңгілеу тәсілдерінің сыныптамасы. Кенорындарын ашық қазу жүйесі және оның сыныптамасы. Ашық қазу жүйесінің негізгі параметрлері мен көрсеткіштері. Тегіс қазу жүйелері, олардың қолданылу жағдайлары мен ерекшеліктері. Тереңдете қазу жүйелері, оларды қолдану жағдайлары және ерекшеліктері.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқу нәтижеде студент ашық кен жұмыстарын кешенді механикаландыру теориясы. Кенорындарды ашық игеру технологиясы меңгеру.

Постреквизиттері: Кен және көмір карьерлерін жобалау

TPGR3217 Жерасты кен қазу жұмыстарын жүргізу технологиясы - 3 кредита

Пререквизиты: Жерасты кен жұмыстарының процесстері

Пәнді оқыту мақсаты: “Жерасты кен қазу жұмыстарының технологиясы” пәнін оқытудың мақсаты - болашақ кен инженері мамандарына барлық жерастылық кен қазбаларының кеңістікте өзара орналасуымен таныстыру. Бұл кенорнын ашу және кеніш алабын даярлау, әр алуан кен-геологиялық және кен-техникалық жағдайлар үшін кен қазу жүйесін таңдауға байланысты өзекті мәселелерді шешуге қажетті білімдер жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қысқаша мазмұны: Кенорнын жерастында қазудың дамуы мен болашағы. Пайдалы қазба кенорнының кен геологиялық сипаттамалары. Кенорнының өлшемдері мен жаралым элементтері. Кен мен жанас жыныстардың физика механикалық қасиеттері. Жерасты кен қазу жұмыстары туралы жалпы мағлұматтар. Кенді қазу тәртібі мен тәсілдері және блоктарда кен қазудың кезектілігі. Кенді қазып алудың негізгі көрсеткіштері. Кеннің жоғалымы мен құнарсыздануы. Кеніш, шақты алабы туралы жалпы түсінік. Шақты алабын қазу кезеңдері. Кенорнын ашу және оған қойылатын талаптар. Кенорнын ашу қазбалары. Тік оқпандармен, көлбеу оқпандармен ашу тәсілдері. Құранды ашу тәсілдері. Кенорнын даярлау тәсілдері. Тазарта қазудың негізгі өндірістік процесстері. Қазу жүйелері туралы түсінік және қазу жүйелерінің сыныптамасы. Қазу жүйелеріне қойылатын талаптар. Ашық қазым кеңістікті қазу жүйелері. Кенді қоймалап қазу жүйелері. Толтырымды және бекітпелеп қазу жүйелері. Кенді және жанас жыныстарды құлата қазу жүйесі. Құранды қазу жүйелері. Жерасты кен қазу жүйелерін таңдау.

